

Биология магистрі Утебаева Б.Х.

А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті

БУРАБАЙ АУДАНЫНЫҢ СУҚОЙМАЛАРЫНДА КЕЗДЕСЕТІН БАУЫРАЯҚТЫЛАРДЫҢ ПАРАЗИТІ- OPISTHIOGLYPHE RANAЕ FROHLICH, 1771 церкариясы

Бурабай ауданының сулы ортасы көптеген көлдер мен шалшық көлшіктерден тұрады, экологиялық жағдайы тұрақты түрде бақыланып отырады. Алайда суқоймалардың экологиялық мониторингін жүргізгенде ондағы паразитологиялық жағдайын қадағалау орындалмайды.

Ұлттық парк территориясында гельминтологиялық зерттеу жұмыстарын жүргізу үлкен маңызды болып келеді, себебі балықтардың паразиттері өздерінің иелеріне үлкен зиян келтіреді. Олар балықтардың өсуін тежейді, салмағын төмендетеді, балықтың өзіндік дәмдік сапасынан айырады да ақырында оның өлуіне әкеліп соқтырады. Сонымен қатар, кейбір жағдайларда балық адамдарды, құстарды және жануарларды описторхоз, меторхозбен залалдайды.

Солтүстік Қазақстан, Ақмола облысының соның ішінде Шортан – Бурабай курортты аймағындағы тұщы су және қышқылды су қоймалары жануарлардың әр түрлеріне бай, соның ішінде моллюскалардың алатын орны ерекше. Себебі сорғыштар даму барысында бірнеше иелерді ауыстырады, бірінші аралық ие қызметін моллюскалар атқарады, онда партеногенетикалық (спороцисталар және редиялар) ұрпақ дамиды және маританың дернәсілдері церкарийлерді бөледі. Суда тіршілік ететін омыртқасыздар екінші аралық ие қызметін атқарады, онда маританың келесі дернәсілдік кезеңі метацеркария дамиды.

Сорғыш құрттардың партенииттері моллюскалардың бүйрегінде, мантия қуыстығында, белок безінде, шәует қалтасының шеткі бөлігінде дамиды. Бүйректе олар нефридияның жапырақшаларымен қатпарларында жайласып, осы мүше бетіне және қан тамырларына зиян келтіреді.

Осы паразиттің аралық иесі болып моллюскалардың 30- дан астам түрі қызмет етеді.

Зерттеу жұмысының мақсаты- Шортан-Бурабай курортты аймағындағы көлдерден кездесетін моллюскалардағы паразит ететін сорғыштардың түр құрамы мен экологиясын зерттеу.

Зерттеу жұмысы 2009-2012ж.ж. аралығында жүргізілді. Сорғыш құрттардың дернәсілдерімен залалданғанын білу үшін моллюскалардың Lymnaeidae және Anodonta туысына жататын жеті түрге кіретін 731 данасы тексерілді. Жүргізілген зерттеулердің нәтижелері бойынша Шортанды – Бурабай курортты аймағының көлдерінде моллюскалардың паразитфаунасығни церкарийлер 18 түрден тұратыны анықталды. Соның

ішінде *Opisthioglyphe ranae* Frohlich, 1771 церкарияне кеңірек тоқталып кетеміз.

Opisthioglypheranae Frohlich, 1771

Ие: *Limnaeostagnalis* (2,81 %), *L. truncatula* (0,48 %),

Табылған орны: Кіші Шабакты көлінің қасындағы тоған, Шәкікөлі.

Бұл түрге кіретін церкариялардың денесі сопақ – ұзынша болып келеді және ірі организмдер. Тегумент тұтас шахматтық тәртіпте орналасқан тікендермен қаруланған. Ауыз сорғышында нашарлау дамыған стилеті бар, оның артқы бөлімі бульбаға ие. Құйрығының түп жағы терең каудальдық қалташамен қоршалған. Асқорыту жүйесі жақсы дамыған. Ол ауыз сорғышының түбінде орналасқан ауыз тесігінен, бұлшық етті үш қалақты жұтқыншақпен алғасатын кең жұтқыншақ алдынан тұрады. Жұтқыншақтан кейін ұзын және жіңішке өңеш орналасқан. Оның екі тармағы кеңейіп, денесінің артқы жағына дейін созылады. Ену бездері құрсақ сорғыштың деңгейінде екі латеральдық топ түзіп орналасады. Ену бездері клеткаларының саны 7 және 8 немесе 8 және 9 ға тең. Денесінің артқы 2/3 бөлімі көп мөлшердегі цистогенді клеткалармен толтырылған. Паренхимасында батырап айласқан май тамшыларын көруге болады. Ауыз сорғышының алдыңғы жиегінде нәзік, майда безді клеткалардың 6 жұп өзектерін көруге болады. Бұл клеткалар метацеркария фазасында түпкілікті дамиды.

Зәр шығару формуласы: $2 [(3+3+3)+(3+3+3)] = 36$.

Қалың қабырғалы қуығы Y – тәрізді пішінге ие. Жыбырлатқыш клеткалардың жіңішке түтікшелері өзара қосылып, ірілеу түтіктерді түзеді. Олар дененің алдыңғы және артқы жағынан сұйық зәр өнімдерін жинайтын жинақтаушы ірі зәр каналдарымен байланысады. Ірі зәр каналдары зәр өнімдерін қуыққа әкеліп құяды.

Фазалы – контрасты приборлардың көмегімен жыныс жүйесінің бастамаларын көруге болады. Бұл жүйе 2 аталық безден және құрсақ сорғыштан төмен және сол жаққа ығысыңқырап жайласқан жұмыртқа безден тұрады.


Сезіморгандары – сенсиллалар. Олардың саны 200 гедейін жетеді (Кесте 1).

Кесте 1 - *Opisthioglyphe ranae* Frohlich, 1771 церкариясының мөлшері мм

№	Көрсеткіштер	Біздің мәліметтеріміз бойынша	Гинецинская Т.А бойынша /1959/
1	Дене ұзындығы	0,168- 0,243	0,236- 0,258
2	Денесені	0,045 – 0,068	0,064
3	Құйрықбағанының ұзындығы	0,135- 0,213	0,193

4	Құйрықтармақтарының ұзындығы	0,123 – 0,213	0,193
5	Алдыңғыағза(орган)	0,048 – 0,066	0,064 * 0,034
6	Жұтқыншақтыңдиаметрі	0,012	0,12
7	Құрсақсорғышының диаметрі	0,027 – 0,34	0,03

Құйрығында жүзу жарғақшалары болмайды. Церкария ұзындығы 0,693 – 1,346 мм және ені 0,142-0,33 мм-ге жететін құрттәрізді спороцисталарда дамиды. Ержеткен спороцисталардағы церкариялардың саны 2-6 ға тең.



Сурет 1 - *Opisthioglyphe ranae* Frolich, 1971
церкариясы

Тегументінің қарулануы ену бездерінің саны және асқорыту жүйесінің дамудәрежесі бойынша біз сипатталған церкария Волга дельтасынан табылған *Opisthioglyphe ranae* церкариясына өте жақын.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Бутенко Ю.В. Пресноводные моллюски Южного и Юго-Восточного Казахстана как промежуточные хозяева трематод: автореф. ... дисс.канд.биол.наук.:.Алма-Ата, 1967.
2. Арыстанов Е.А. Влияние экологических факторов на зараженность моллюсков партенитами трематод трематод в водоёмах дельты амударьи // Паразитология.-Академ. Наук.- Т.4.-1970.- С202.
3. Арыстанов Е.А. Трематоде моллюсков Дауткульского водохранилища и биология *Paraphostomum radiatum* Dietz 1909 и дельте Амударьи// Ташкент:Фан,1980.- С206

4. Азимов Д.А. Особенности цикла развития *Ornithobilharzia turkestanica* в Узбекистане//Матер.науч.конф.Всесоюзн.общ-ва гельминтол.АН ССР.Вып.2.-М.-1968.125с.